

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 31 желтоқсан N 321. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртібін нығайту және жауапкершілігін арттыру мақсатында, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолданудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 3279 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 51, 489-құжат) күші жойылған деп т а н ы л с ы н .

3. Осы Жарлық 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

3 2 1

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.08.2013 № 616 Жарлығымен (алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолданудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің (бұдан әрі - қызметшілер) тәртіптік жауаптылығы - заңдық жауаптылықтың бір түрі, ол қызметшілерге өздерінің қызметтік міндеттерін атқару үстінде тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жүктеледі ;

2) тәртіптік теріс қылық (бұдан әрі - теріс қылық) - құқыққа қайшы, қызметшілердің өзіне жүктелген міндеттерді орындамау кінәсі не тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидаларын) бұзуы (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі), тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы, сол сияқты «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді және (немесе) мемлекеттік қызметшілердің міндеттерін сақтамауы болып табылады ;

3) тәртіптік жаза (бұдан әрі - жаза) - тәртіптік жауаптылыққа тартылатын қызметшіні қызметке тағайындау және қызметтен босату құқығы бар лауазымды адам қолдануы мүмкін тәртіптік жауаптылық шарасы;

4) қызметтік тексеру - қызметшінің теріс қылығы туралы материалдар мен мәліметтерді, оның жасалу мән-жайын толық, жан-жақты әрі әділ анықтау мақсатында жинау және тексеру жөнінде атқарылатын қызмет.

3. Тәртіптік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) - қызметтік тексеру материалдарын қарау, теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттеу және қызметшілерге қатысты, оның ішінде тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны және (немесе) Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін қызметшілерге қатысты жаза шарасы туралы ұсынымдар шығару үшін мемлекеттік органда құрылатын тұрақты алқалы орган.

4. Облыстарда, астанада, республикалық маңызы бар қалада, аудандарда, қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін бірыңғай тәртіптік комиссия құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстық, астананың, республикалық маңызы бар қаланың, аудандық, қалалық атқарушы органдардың бірыңғай тәртіптік комиссиясы осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар адамның шешімімен құрылады.

Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесінде бірыңғай тәртіптік комиссия құруға жол беріледі. Аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелердің бірыңғай тәртіптік комиссиясы орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

5. Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелерін, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандары мен қалалар аудандарының әкімдерін қоспағанда, тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген «А» корпусының қызметшілеріне қатысты тәртіптік істерді Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) не оның тапсырмасы бойынша облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы қ а р а й д ы .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы мен Ар-намыс кодексін қоспағанда, тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелеріне, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандары мен қалалар аудандарының әкімдеріне қатысты тәртіптік істерді облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы (бұдан әрі – Өңірлік кадр комиссиясы) қарайды.

Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі - Уәкілетті органның комиссиясы) - мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған, сондай-ақ Ар-намыс кодексін бұзуға жол берген В-1, С-1, С-2 санаттарындағы қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді қарау үшін құрылатын т ұ р а қ т ы а л қ а л ы о р г а н .

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тәртіптік комиссиясы туралы ережені мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган

б е к і т е д і .

7. Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы мен Ар-намыс кодексі нормаларын бұзуға жол берген облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелеріне, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандары мен қалалар аудандарының әкімдеріне, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-О-4, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-3, D-0-1, D-0-2, D-0-3, E-1, E-2, E-3, E-R-1, E-R-2, E-G-1 санаттарындағы қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері (бұдан әрі - Тәртіптік кеңес) қарайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Ж а р л ы ғ ы м е н .

8. Бір тәртіптік істің аясында материалды жеке өндіріске бөлместен әр түрлі санаттағы бірнеше қызметшінің теріс қылықтарын қарау қажет болған жағдайларда, істі неғұрлым жоғары мәртебеге (санатқа) ие мемлекеттік қызметшінің теріс қылықтары туралы істерді қарау құқығы бар орган қарайды.

9. Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамға, тікелей басшыға не басқа лауазымды адамдарға осы Қағидалардың 5, 5-1, 6, және 7-тармақтарында көрсетілген қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары туралы мәліметтер белгілі болған жағдайда құзыретіне сәйкес Ұлттық комиссияға, Уәкілетті органның комиссиясына, Өңірлік кадр комиссиясына немесе Тәртіптік кеңеске дереу жолдауына жатады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Жазаның түрлері мен теріс қылық түрлері

10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты қоспағанда, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес қызметшілерге тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жазаның мынадай түрлері қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н :

- 1) е с к е р т у ;
- 2) с ө г і с ;
- 3) қ а т а ң с ө г і с ;
- 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) лауазымын төмендету;
- 6) атқаратын лауазымынан босату.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшіге мынадай тәртіптік жазаның түрлері қ о л д а н ы л а д ы :

- 1) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 2) лауазымын төмендету;
- 3) атқаратын лауазымынан босату.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза лауазымын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану мүмкін болмаған кезде қ о л д а н ы л а д ы .

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде қолданылады.

Атқаратын лауазымынан босату түріндегі тәртіптік жаза Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша қолданылады.

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза мемлекеттік қызметші аталған лауазымға қойылатын біліктік талаптарына сәйкес келген жағдайда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз қолданылады.

11. Теріс қылықтар мынадай түрлерге бөлінеді: елеусіз, елеулі және а й т а р л ы қ т а й .

12. Қызметші алғаш рет немесе бұрын қолданылған жазаны алып тастағаннан кейін жасаған теріс қылық елеусіз теріс қылық болып табылады, ол қызметшіге ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі жаза қолдануға әкеп соғады, бұған жасалғаны үшін жұмыстан босату көзделген теріс қылық қосылмайды.

13. Қызметшінің ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі бұрын қолданылған жаза алып тасталмай тұрып, алты ай ішінде қайталап жасаған теріс қылығы елеулі теріс қылық болып табылады, мұндай теріс қылық жасағаны үшін қызметшіге қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі жаза қолданылады.

14. Жасағаны үшін қолданыстағы еңбек заңнамасына, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес негіздер бойынша жұмыстан шығару көзделген теріс қылық айтарлықтай теріс қылық болып табылады.

3. Жаза қолдану негіздері мен жағдайлары

15. Қызметшінің теріс қылық жасауы жаза қолдану үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

16. Жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына, нысанына және оны

жасаған адамның кінәсінің дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

17. Жазаның түрін айқындаған кезде:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) теріс қылық жасалған кездегі мән-жай;
- 3) жасалған теріс қылық әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін келеңсіз зардаптар;
- 4) оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы;
- 5) мемлекеттік қызмет өтілі (стажы);
- 6) қызметшінің жеке басын сипаттайтын өзге де мән-жайлар жинақтала есепке алынады.

18. Қызметші елеусіз теріс қылық жасаған кезде одан жазбаша түсініктеме талап етіледі. Егер жазбаша түсініктемесінде қызметші осы теріс қылықты жасау фактісімен келіссе, онда осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамның қызметтік тексеру жүргізбей ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі жаза қолдану құқығы болады.

Егер қызметші өзінің жазбаша түсініктемесінде теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамның бұйрығы бойынша осы Қағидаларда айқындалған тәртіпке сәйкес қызметтік тексеру жүргізілуге тиіс.

Қызметшінің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы қызметтік тексеру жүргізуге кедергі болып табылмайды.

19. Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы, лауазымын төмендету және атқаратын лауазымынан босату түріндегі жазалар жүргізілген қызметтік тексеру нәтижелері және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Комиссияның тиісті ұсынымдары бойынша қолданылады.

20. Егер теріс қылықты мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет қабылданған адам жасаса, оған бекітілген тәлімгерден теріс қылық жасау фактісі бойынша жазбаша түсіндірмелер талап етіледі.

21. Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам Ұлттық комиссияның, Уәкілетті орган комиссиясының, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Тәртіптік кеңестің ұсынымдары мен материалдарын қараған кезде қызметтік тексерулер жүргізілмейді.

Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам Ұлттық комиссияның, Уәкілетті орган комиссиясының, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Тәртіптік кеңестің ұсынымына сәйкес он жұмыс күні ішінде тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдайды.

Қабылданған шешім туралы Ұлттық комиссияға, Уәкілетті органның комиссиясына, Өңірлік кадр комиссиясына немесе Тәртіптік кеңеске үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Өзіне қатысты қызметтік тексеру жүргізілетін қызметшіні осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам, жауаптылық туралы мәселе шешілгенге дейін, бірақ он төрт күннен аспайтын мерзімге лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетуі мүмкін.

23. Бірнеше қызметші бірлесіп теріс қылық жасаған ретте жаза әрбір қызметшіге жеке қолданылады.

24. Жасалған теріс қылық үшін бір ғана жаза қолданылады.

25. Жаза қолдану теріс қылық жасаған қызметшіні атқармағаны немесе тиісінше атқармағаны үшін жаза қолданылған міндетін атқарудан босатпайды.

26. Қызметшіге жаза қолдану оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жауаптылық түрлерінен босатпайды.

27. Қызметшілер қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жауаптылықта болады.

4. Қызметтік тексеру жүргізу тәртібі

28. Қызметтік тексеру осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамның бұйрығымен тағайындалады және персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қызметтік тексеруді жүргізу туралы актіні шығарған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Қажет жағдайда қызметтік тексеруге өзге қызметшілер тартылады.

Комиссия құрамына кіретін адамдар қызметтік тексеру жүргізуге т а р т ы л м а й д ы .

Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамның бұйрығы болмаса, қызметтік тексерулер жүргізуге жол берілмейді.

Қызметтік тексерулер қызметшінің уақытша еңбекке жарамсыздығы, оның демалыста немесе іссапарда болу кезеңінде тоқтатыла тұрады.

29. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қызметшілердің тәртіптік теріс қылық жасау фактілері бойынша қызметтік тексерулер осы Қағидаларда белгіленген мерзімде және тәртіппен Ұлттық комиссия төрағасының б ұ й р ы ғы м е н та ғ а й ы н д а л а д ы .

Ұлттық комиссияның төрағасы қызметтік тексеру жүргізуді олардың құзыреттеріне сәйкес тиісті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға, қызметтік тексеруді жүргізетін адамдардың құрамына Ұлттық комиссия жұмыс органының не уәкілетті органның өкілін қоса отырып тапсыруы мүмкін.

29-1. Осы Қағидалардың 5-1-тармағында көрсетілген қызметшілердің тәртіптік теріс қылық жасау фактілері бойынша қызметтік тексерулер осы Қағидаларда белгіленген мерзімде және тәртіпте Өңірлік кадр комиссиясы төрағасының шешімімен тағайындалады.

Өңірлік кадр комиссиясының төрағасы қызметтік тексеру жүргізуді құзыреттеріне сәйкес тиісті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға, қызметтік тексеруді жүргізетін адамдардың құрамына Өңірлік кадр комиссиясы жұмыс органының өкілін енгізе отырып, тапсыруы мүмкін.

Ескерту. Қағидалар 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары фактілері бойынша қызметтік тексерулер уәкілетті орган басшысының бұйрығымен тағайындалады және осы Қағидаларда белгіленген мерзімде және тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізеді.

Қажетті жағдайларда уәкілетті орган қызметтік тексеру жүргізуді мемлекеттік органның өзінің персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне), уәкілетті органның өкілін қатыстыра отырып тапсыруы мүмкін.

30-1. Осы Қағидалардың 5, 5-1 және 6-тармақтарында көрсетілген қызметшілер жазбаша түсініктемелерінде теріс қылықты жасау фактісімен келіссе, олардың тәртіптік теріс қылық жасау фактілері бойынша қызметтік тексерулер тағайындалмауы мүмкін.

Бұл жағдайда қызметшілерге қатысты материалдар Ұлттық комиссия төрағасының, уәкілетті орган басшысының, Өңірлік кадр комиссиясы төрағасының шешімімен осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамға қызметшілерге қатысты тәртіптік жаза қолдану үшін жолдануы мүмкін.

Ескерту. Қағидалар 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31. Қызметшінің теріс қылық жасауы туралы мәліметтер: жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімше басшыларының қызметтік жазбахаттары және өзге де материалдар болып табылады.

32. Қызметтік тексеру барысында персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не уәкілетті лауазымды адамдар теріс қылықтың жасалу мән-жайларына қатысты барлық материалдар мен мәліметтерді және тексерудің өзге де негіздерін жан-жақты әрі толық жинап, материалдарды тиісті дәлелді қорытындыларымен

Комиссияның қарауына ұсынады.

33. Ұлттық комиссия, Уәкілетті органның комиссиясы, Өңірлік кадр комиссиясы, Тәртіптік кеңес немесе Комиссия теріс қылық туралы материалдарды қарағанға дейін персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не уәкілетті лауазымды адамдар қызметшіден жазбаша түсініктеме талап етеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34. Өзіне қатысты қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан қызметшінің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы қызметтік тексеру материалдарын Ұлттық комиссияның, Уәкілетті орган комиссиясының, Өңірлік кадр комиссиясының, Тәртіптік кеңестің, Комиссияның қарауына жіберуге және жаза қолдану туралы шешім қабылдауға кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) қызметкері не уәкілетті лауазымды адамдар жазбаша түсініктеме беруден бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Тәртіптік комиссияны жасақтау және оның жұмыс тәртібі

35. Комиссия осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамның бұйрығымен жасақталады және мемлекеттік органның түрлі бөлімшелері өкілдерінен құрылады. Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам Комиссия мүшелерінің қатарынан Төрағаны тағайындайды. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс.

Жауапты хатшы қызметі енгізілген орталық атқарушы органдарда, ол Орталық атқарушы орган комиссиясы қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның құрамын жасақтайды және өзі қадағалайтын құрылымдық бөлімшелердің басшылары қатарынан төрағаны айқындайды.

Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген адамдар Комиссия құрамына кірмейді.

36. Уәкілетті органның комиссиясы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен тағайындалады, ол комиссияның құрамын айқындайды және осы комиссия мүшелерінің қатарынан төрағаны тағайындайды.

37. Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам айқындайтын персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) өкілі Комиссияның хатшысы болып табылады. Комиссия жұмысының барлық

материалдары персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады.

38. Өзінің жақын туысы немесе жекжаты болып табылатын қызметшіге қатысты немесе Комиссия мүшесінің осы тексеруге тікелей немесе жанама мүдделілігі болса, Комиссия мүшесі теріс қылыққа қатысты қызметтік тексеру материалдарын қарауға және фактілерді зерттеуге қатыспайды.

39. Комиссия өз отырысында қызметтік тексеру материалдарын қарайды және теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттейді. Комиссия қызметтік тексеру жүргізілген қызметшінің және тексеру жүргізген персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) немесе уәкілетті лауазымды адамдардың түсініктемелерін тыңдайды. Комиссияның сонымен қатар куәларды тыңдауға және теріс қылыққа қатысы бар кез келген фактілерді зерттеуге құқығы бар. Отырыс өткізілетін күнді төраға айқындайды, ол туралы персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) комиссия мүшелері мен қызметшілерді хабарландырады.

Комиссия отырысында тәртіптік іс, егер тәртіптік жауаптылыққа тартылатын адам отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын хабарландырылса, оның қ а т ы с у ы н с ы з қ а р а л у ы м ү м к і н .

Қызметші Комиссияның отырысына қатысудан жазбаша бас тарта алады.

40. Ұсынымдарды Комиссия ашық дауыс беру жолымен қабылдайды және осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамға жібереді. Комиссия мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қалмайды және отырыстарға а у ы с у құқығынсыз қ а т ы с а д ы .

Комиссияның қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді.

41. Теріс қылық жасалғанын дәлелдейтін фактілер болған жағдайда, Комиссия жаза қолданудың орындылығы мен оның түрі туралы осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамға ұ с ы н ы м б е р е д і .

42. Комиссияның ұсынымымен келіспеген жағдайда осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам осы Қағидаларда белгіленген тәртіптік жазаларды қолдану мерзімдері шегінде персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) қосымша қызметтік тексеру жүргізуді тапсырады н е м е с е ж а з а қ о л д а н б а й д ы .

Қосымша қызметтік тексеру материалдарын Комиссия өзге құрамда қарайды.

43. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған және Ар-намыс кодексі нормаларын бұзған қызметшілердің тәртіптік ісін қарау жөніндегі өз жұмысында Комиссия уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды және қарау нәтижелері бойынша он күн мерзімде уәкілетті органға тиісті шешімдердің көшірмесін және уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес тоқсан сайынғы есептерді береді.

6. Шешім шығару және жаза қолдану тәртібі

44. Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам мынадай шешімдер қабылдайды: тиісті жаза қолданады; материалдарды қосымша қызметтік тексеруге жібереді немесе жаза қолданбайды.

45. Жазаға ұшыраған адамды қолданған тәртіптік жаза туралы тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі), қолын қойдырып, қолданылған жаза туралы акт шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Жазаға ұшыраған адам өз қолын қойып танысудан бас тартқан жағдайда, бұл туралы тәртіптік жаза қолдану туралы актіге тиісті жазба ж а с а л а д ы н е а к т ж а с а л а д ы .

Жазаға ұшыраған адамды тәртіптік жаза қолдану туралы актімен таныстыруға мүмкіндік болмаған жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оған актінің көшірмесін хабарламалы хатпен жолдайды.

46. Қызметшіге жаза тиісті мемлекеттік органның отырысында, оның алқасында немесе осы жазаны қолданған осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам айқындайтын қызметшілердің қатысуымен жарияланады.

47. Егер қызметтік тексеру нәтижесінде қызметшінің қылмыс белгілері бар іс-әрекетке жол бергені анықталса, осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам жинақталған материалдарды құқық қорғау органдарына дереу жолдайды.

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, бірақ қызметшінің іс-қимылында теріс қылықтың белгісі болса, жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

7. Жаза қолдану мерзімі

48. Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан

кешіктіріп қолданыла алмайды.

49. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықты жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолданыла алмайды.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолданыла алмайды.

50. Жаза мынадай жағдайларда:

- 1) еңбекке уақытша қабілетсіздік кезеңінде;
- 2) қызметшінің демалыста немесе іссапарда болған кезеңінде;
- 3) қызметші мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттер атқару уақытына жұмыстан босатылған кезеңінде қолданылмайды.

51. Қызметкердің еңбекке уақытша қабілетсіздігіне, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттер орындау үшін жұмыстан босатылуына, демалыста, іссапарда болуына байланысты жұмыста болмаған уақытында тәртіптік жаза қолдану мерзімінің барысы тоқтатыла тұрады.

8. Жаза қолдану туралы актілер

52. Жаза осы Қағидалардың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамның бұйрықтарын, өкімдерін шығару жолымен қолданылады.

53. Жаза қолдану туралы актіде жаза қолданылатын адам, жаза қолданылып отырған теріс қылық және жазаның түрі көрсетіледі.

54. Қолданылған жазалар мен ескертулер туралы мәліметтер мен актілерді мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қызметшінің қызметтік тізіміне енгізу арқылы есепке алуға тиіс.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған қызметшілерге осы Қағидалардың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам қолданған жазалар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) міндетті түрде табыс етуі тиіс.

9. Жазаның алынуы

55. Жаза қолданылған күннен бастап алты айдың ішінде қызметші жаңа жазаға ұшырамаса, онда ол жазаға ұшырамаған болып саналады.

56. Егер қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және бұл ретте өзін адал қызметкер ретінде көрсетсе, жаза алты ай өткенге дейін алып тасталуы мүмкін.

57. Қызметші лауазымынан босаған күніне дейін алынбаған жаза оның мемлекеттік органнан босатылған күнінен бастап алынған болып саналады.

58. Жазаны мерзімінен бұрын алып тастауды оны қолданған осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам жүргізеді. Бұл ретте жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жазаны мерзімінен бұрын алу уәкілетті органның немесе оның аумақтық органының келісімі бойынша жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 60-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Ұлттық комиссияның, Уәкілетті орган комиссиясының, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Тәртіптік кеңестің ұсынымы бойынша жаза қолданылған жағдайда, жазаны мерзімінен бұрын алу Ұлттық комиссияның, Уәкілетті орган комиссиясының, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Тәртіптік кеңестің келісімімен жүргізіледі.

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 21.11.2013 № 697 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

59. Жазаны мерзімінен бұрын алу үшін жаза қолданылған қызметшінің тікелей басшысы осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасындағы көрсетілген лауазымды адамға тиісті ұсыныс енгізеді.

Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген, жаза қолданған лауазымды адам ұсынысты алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қ а р а й д ы .

60. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын мемлекеттік қызметшілерден тәртіптік жазаны мерзімнен бұрын алу Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының ұсынысы бойынша жүзеге асырылады.

61. Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары төрағаларынан тәртіптік жазаны мерзімнен бұрын алу Ұлттық комиссияға облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың мәслихаттары хатшыларының ұсыныстары бойынша жүзеге асырылады.

62. Қызметшіден бір мезгілде тек бір ғана жаза алынуы мүмкін.

10. Қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту кезіндегі олардың құқықтық кепілдіктері

63. Теріс қылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылатын қызметшінің өз ө к і л і б о л у ы м ү м к і н .

64. Қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылуға тиіс, оған қызметтік тексеру рәсіміне өзінің қатысу құқығы беріледі.

65. Осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген лауазымды адамның іс-әрекеттерімен немесе шешімдерімен келіспеген жағдайда, жауаптылыққа тартылушы қызметші бұл іс-әрекеттерге немесе шешімдерге уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шағымдануға не сотқа жүгінуге құқылы.

66. Шағымды осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген, үстінен шағым берілген лауазымды адамға қарауға беруге тыйым салынады.

67. Жаза қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтата тұрмайды.